

Қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатын объектілерге жатқызу критерийлерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 864 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 шілдедегі № 459 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.07.2021 № 459 қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 627 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 76-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:"

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 627 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қоса беріліп отырған:

1) Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 07.09.2018 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2) қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатын объектілерге жатқызу критерийлері бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 627 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 31 шілдедегі
№ 864 қаулысымен
бекітілген

Қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатын объектілерге жатқызу критерийлерін айқындау және қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздігі декларацияларын әзірлеу қағидалары

Ескерту. Қағидалар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 627 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 31 шілдедегі
№ 864 қаулысымен
бекітілген

Қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатын объектілерге жатқызу критерийлері

Р/с №	Қауіпті заттың атауы	Критерийлер (қауіпті заттың шекті мөлшері), тонна
1	2	3
1.	Аммиак	5
2.	Аммоний нитраты (аммоний нитраты және аммоний нитратынан алынған азоттың құрамы салмақтың 28 %-ынан асатын аммоний қоспалары, сондай-ақ аммоний нитратының концентрациясы салмақтың 90 %-ынан жоғары болатын аммоний нитратының су ерітінділері)	1250
3.	Тыңайтқыш түріндегі аммоний нитраты (аммоний нитраты негізіндегі қарапайым тыңайтқыштар, сондай-ақ аммоний нитратынан алынған азоттың құрамы салмақтың 28 %-ынан асатын күрделі тыңайтқыштар)	5000
4.	Акрилонитрил	200
5.	Хлор	5
6.	Этилен оксиді	50
7.	Цианит сутегі	20
8.	Фторлы сутегі	50
9.	Күкіртті сутегі	1
10.	Күкірт диоксиді	200
11.	Күкірт триоксиді	75
12.	Қорғасын алкилдері	50
13.	Фосген	0,75
14.	Метилизоцианат	0,15

15	Хлорпикрин	0,55
16	Бромметил	15
17	Металлил хлорид	20
18	Тұз қышқылы	40
19	Азот қышқылы	25
20	Фторлы-сутекті (плавик) қышқылы	10
21	Ортофосфор қышқылы	25
22	Күкірт қышқылы	20
23	Тұтанатын заттар	200
24	Жанатын заттар	200
25	Тауар-шикізат қоймаларында және базаларында болатын жанатын сұйықтықтар	2500
26	Технологиялық процесте қолданылатын немесе магистральды құбыр бойынша тасымалданатын жанатын сұйықтықтар	200
27	Қышқылданатын заттар	200
28	Жарылғыш заттар	25
29	Уытты заттар	200
30	Уыттылығы жоғары заттар	20
31	Қоршаған табиғи орта үшін қауіп тудыратын заттар	200

Р/с №	Қызмет түрінің атауы
1	2
1.	Қара, түсті, бағалы металдардың балкымаларын және осы металдар негізіндегі қорытпаларды өндіру
2.	Иондаушы сәулелену көздерін, сақтау көлемі 20000 тоннадан астам элеваторларды пайдалану
3.	Тау-кен, геологиялық барлау, бұрғылау, жару жұмыстарын, пайдалы қазбаларды өндіру және минералды шикізатты қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды (жалпы таралған пайдалы қазбаларды өндіруден басқа)

